

А.Е. Дукенбаева

## ЕКІНШІ ҰСТАЗ ІЛІМІНДЕГІ БІЛІМ ТЕОРИЯСЫ

Ата тарихымызға үңіліп отырсақ, сан мың жылға созылған тарих керуенінде халқымздан не бір ел бастаған кемеңгер көсемдер, сөз маржанын төккен сұңғыла шешендер, алып күшіне айласы сай батырлар, халық қамын ойлап күңіреніп өткен ойшылдар, өз дәуірінде өнер - білім биігіне қол созған данышпан ғалымдар, жыр нөсерін төккен жыраулар, қара қылды қақ жарған әділ билер, күміс көмей, жез таңдай ақындар мен әншілер, күмбірлете күй төккен сазгерлер шыққан екен. Олардың өзі туып өскен ұлан-қайыр қазақ даласындағы халық жүрегіне терең ұялағаны соншалық, олар жөніндегі аңыз – әңгімелер неше мың, неше жүз жылдан бері өзінің туған халқымен бірге жасасып келеді. Олардың басым көпшілігі жөнінде өз ұлтымыз арасында сақталған тарихи аңыздар, сол аңыздар негізінде жазылған тарихи жырлар еліміздің тарихи жазбалары мен шетел тарихи кітап-естеліктерінде жазылып қалған. Қазақ тарихын, этнографиясын, мәдениетін зерттеу барысында, еліміздің және шетелдердің көптеген ғалымдары алуан түрлі формамен жазған еңбектеріне дүние тарихының дамыту заңдылығына брілестіре отырып, қазақ тарихының әрбір шешіуші кезеңінде жасаған тарихи тұлғаларға қатысты деректерге тиісті зерттеулер жүргізіп, өз өресіне қарай баға береді. Осы орайда әлемге танымал әл-Фарабиді зерттеу өте-мөте қажеттілік. Жерлесіміз жиһанкез дана Абу Наср Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби әт-Түркі 870 жылы біздің қазіргі Шымкент төңірегіндегі Фараб қаласына жақын Весиж атты елді мекенде, Саманиттер сарайында қолбасшы қызметін атқарған Мұхаммед Тарханның жанұясында дүниеге келді. Бізге жеткен кейбір деректерге қарағанда, оның әкесі сол тұста көшпенділіктен отырықшылыққа ауысқан түркі тайпаларының бірінен

шыққан әскер басы екен. Ал, ғалымның әкесінің қалайша «Тархан» аталғанына келсек, мұндағы тархан сөзі екі түрлі мағына беріді: біріншіден, ежелгі түркі тайпалары «Тархан» деп әскери лауазымды кісілерді атайтын болған. Бұған қарай Фараби әскери ортадан шықты деп жорамалдауға болады. Екінші жағынан, Тархан ежелгі Сыр, Отырар жайлаған Қаңлы тайпасының бір руының аты (сол мекенде қазір де бар, кейде дархан деп те аталады). Ол ғылым дәмін тата келе басқа дүниеден (дүние-мүлік жинаудан, үйленуден) мүлдем безіп, өзінің аяулы арманы, ұлы мақсаты — ғылым жолына ойысты. Әбу Наср ғылым жолына түсіп отанынан жырақтағы араб халифатының мәдени орталығы Бағдатқа саяхатын бастайды, халифаттың көптеген жерлерінде айтар болсақ Шам, Мысыр, Харран, Иран қалалары – Исфахан, Хамадан, Рай мекендерін шарлап, кейбір деректерге сүйенетін болсақ Үндістан шаһарында да болып білім нәрімен сусындаған. Бүкіл өмірін ғылымға арнаған ойшыл 950 жылы 80-ге келген шағында Шамда /Сирия/ қайтыс болып Мұһауия зиратының *Баб ас-Сағир /Кіші Дарбаза/* мазарына жерленген.

Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап көрді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірде-бір саласы жоқ деуге болады. Ойшыл танымындағы адам деңгейінің биіктеу шағындағы білім мен интеллектінің рөлі мен маңызын, сол ұғымға сипаттама беру барысында түсінген абзал. Әл-Фарабидің музыкалық ілімі оның бүкіл философиясына сипаттама беретін эпистемологиялық субстратының (тілдердің тоғысуына тән құбылыс) құрамдас бөлігі болып табылады. Эпистемология дегеніміз –

«таным теориясымен байланысты философия саласы. Эпистемологияның дәстүрлі орталық тақырыбы танымның мәні мен төркінін анықтау, таным туралы ұғымдардың ақиқаттығын дәлелдеу». Эпистемологияның мәні, қызығушылық шеңбері кезеңіне сәйкес әртүрлі, ойшылдардың жауаптары да сан қилы. Эпистемологияға қызығушылық жоғарыда айтып өткендей орта ғасырлық исламда да болған. Олардың көзқарастары бірде құдайшыл, бірде зиялы сипатта болды. Оған тереңдеу өте кең көлемде, терең ізденісті қажет етеді. Қалай десек те ислам эпистемологиясын түсінуде *Білім салтанаты* еңбегінің көмегі зор. Француз ғалымы Ф.Розентал исламдық зерттеулермен айналысатын ғалымдар үшін осындай құнды еңбекті ұсынды. Осы еңбек арқылы мұсылман философтары, ойшылдары мен теологтарының эпистемологиялық ізденістерін құрылымдық жағынан түсіну мүмкін болады. Қалай десек те барлық кезеңдерде әртүрлі сұрақтар туындап отырады. Білім алуға адам сезім, зерде және логикалық ойлаудың жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке көшіп нәтиже шығаруы арқылы қол жеткізеді; сезімі жоқ адам ештеңені зерделей алмайды. Ислам философтары үнемі Платон, Аристотель, Плотин еңбектеріне жүгініп отырады, сондықтан да болар исламдық Платонизм, Аристотелизм сияқты ағымдар өз арнасында дұрыс даму бағытында, олай болса дәл осы грек ойшылдарының мектебіне негізделген эпистемология ислам ғалымдарына өте ықпалды болды. Әл-Фараби эпистемологиясының мәнін «философиялық ілім – ол себеп пен салдардың негізін ұзақ оқу деген сөз» дегенінен түсінуге болады. Әл-Фараби логикаға ерекше ілтипатпен қараған, ол құрметі ойшылдың еңбектерінен жақсы көрініп тұрады. Грек логикасына құмар болғаны сонша дін өкілдері мен грамматиктердің тарапынан қудалауға ұшырап отырған. Ойшыл логикасы өзінің метафизикасы мен ішкі логикасына негізделген, белгілі бір өзіне ғана тән тәсілмен жіктеледі. Басқаша айтқанда, оның логикасы идеялық жағынан терең

эпистемологиялық өлшемге ие. Жалпы қорытынды шығаратын болсақ Фараби эпистемологиясы екі қарама-қарсы құбылыс – Аристотель «позитивизмі» мен неоплатондық «негативизмге» негізделген. Сондықтан да болар Фараби еңбектері басқа эпистемологиялық еңбектерге ұқсамайды. *Бақыт жолын сілтеу* кітабында философия теоретикалық және практикалық бөлімдерге бөлінеді. Сосын тағы бөлімдері бар: мысал келтірсек теоретикалық философия математика */Ил мат-Таалим/*, физика */Ил мат-Табииа/* және метафизиканы */Ил маа ба дат-табиийат/* қамтиды. Шындығында бұл кітап *Ғылымдар классификациясының* үшінші, төртінші тарауларымен жарыспалы қатарласып жүреді. Фараби үшін «теоретикалық» және «практикалық» деген ұғымдар қарпайым сипатқа ие. *Бақыт жолын сілтеу* еңбегінде теоретикалық білім дегеніміз - әрекет етуді талап етпейді деген ойшыл. Осы сияқты мәселелер зерттей берсек өте көп. Жалпы ойшылдың білім саласындағы келелі еңбегі бүгінгі күнге дейін жалғасып, зерттеушілер тақырыбының негізгі нысанына айналып отыр.

\*\*\*

1. Аль-Фараби: проблема синтеза культур. Алматы: «Тауар», 1998.
2. Әл-Фараби. Мемлекеттік Қайраткердің нақыл сөздері//Қазақ халқының рухани мұрасы. Астана 2005.
3. Әл-Фараби. Философияның дінге қатынасы// Қазақ халқының рухани мұрасы. Астана 2005.
4. Кабылова А. Әл-Фараби философиясындағы мәдениеттер синтезінің орны. –Автореферат филос. ғыл. канд.
5. Қазақ. Алматы «Білім», 1999.
6. Роузенталь Ф. Торжество знания. М.: Наука, 1978.

\*\*\*

В статье рассматривается теория образования и проблема интеллекта в творчестве аль-Фараби. Автор использовал сведения на английском и тюркском языках.

\*\*\*

According to traditions of last years in Kazakhstan dissertant gives a new approach to synthesis of Islamic cultures in philoso-

phy of the thinker. The article is about the problem of philosophy in Al Farabi's crea-

tive life.

### О. Қадыров

#### СИРИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ЛИВАН ФАКТОРЫ

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, Ливан мен Сирияның тарихы бөлінбейді, біртұтас болып келеді. Олардың халықтарының тағдыры ортақ жетістіктер мен жеңілістің өкінішімен байланысқан. Сирияның көмегімен Ливандағы қантөгісті азаматтық соғыстың әсерінен қауіп төнген елдің біртұтастығы мен егемендігі сақталып қалды. Аймақтағы бірқалыпты саясатын жүргізе отырып, Сирия Ливанның ыдырап кетуіне әкеле жаздаған кантонизация процесін тоқтатып қана қоймай, бұрын бақылаусыз болған аймақтарда орталық биліктің орнауына себепкер болды. Жалпы 1976 жылы Сирия Ливан территориясына кіргеннен бері оның сыртқы саясатында Ливан факторы қатты байқала бастады.

1970-ші жылдардың ортасынан бастап, тұрақты, бейтарап «араб Швейцариясы», соғып жатқан дауылдың арасындағы бейбітшілік оазисі – Ливан бітпейтін қантөгісті шиеленістің орталығына айналды /1, 8/. Ливан дағдарысы аса ауыр деп саналады, себебі бұрыннан жиналып келе жатқан ливан қоғамының терең қайшылықтары сыртқы факторлардың әсерінен шиеленісіп кетті. Кенеттен Ливан араб-израиль қақтығыстарының тоғысқан жеріне айналды. Бұл трагедиялық процестің катализаторы болып, 1967 жылғы соғыстан кейін палестиналық арабтар мәселесінің күрт нашарлап кетуін айтамыз. Осы соғыстың нәтижесінде 1964 жылы құрылған Палестина Азат ету Ұйымы өзінің орталығын Иордан өзенінің оң жақ жағалауына ауыстыруға мәжбүр болды, ал «қаралы қыркүйектен» кейін Палестина Азат ету Ұйымының, әсіресе оның құрамына кірген аса ірі ұйымы – ФАТХ-тың тұрақтанған жері – Оңтүстік Ливан болды. Ал осы территориясы Израильмен шекаралас болғандықтан, Израиль өз тарапынан Оңтүстік Ливанға үнемі әскери

операцияларды ұйымдастыра бастады, нәтижесінде 1982 жылы Израиль Ливандағы палестиналықтарды қуу мақсатымен Ливан территориясында соғыс ұйымдастырды /2, 50/.

Жоғарыда айтып кеткендей, Ливандағы дағдарыс 1970-ші жылдардың ортасында шиеленісіп кетті. Палестиналықтардың Ливан территориясына келуіне кейбір қоғам топтары, атап айтқанда Башир Жмайель негізін қалаған «Фалангистер» партиясы және т.б. христиан-маронит топ өкілдері қарсы шықты. Сөйтіп, елдің ішінде саяси-конфессионалды күштердің арасындағы қақтығыстар басталады, олар 1975-1976 жылдардағы азаматтық соғысқа ұласады. Осы соғыстың аяқталуына 1976 жылы маусымда Сирия әскерінің кіруі әсер етті. Басында соғыстың сәті солшылдардың (палестиналықтармен одақтасты) жағында болды, бірақ Сирия оларға көмектесе келе, бір кезде оңшыл христиандардың жағына өтіп кетті. Бір жағынан қарағанда, Дамасктің бұл қадамы парадоксті, түсініксіз көрінеді, бірақ шынында егер солшыл күштер жеңген болса, онда Израиль міндетті түрде Оңтүстік Ливан территориясына кірер еді. Бұл жағдайда Сирияға Израильмен соғысуға тура келетін еді. Осыны қаламаған ол Ливандағы азаматтық соғысты өзіне тиімді етіп аяқтады, яғни екі елдің территориясында бейбітшілікті сақтау мақсатында Хафез Асад Ливандағы билік етуші топтарды қолдауға барды.

Сөйтіп Ливандағы жағдайды біраз тұрақтандыра алған Сирия, оның территориясында «арабаралық қауіпсіздік күштер» ретінде өз әскерін қалдырды, бірақ, әрине олар мәселенің түп-негізгі себептерін шеше алмады. Осыны пайдаланып, Израиль 1980-ші жылдардың басында Ливанда Тель-Авивке тиімді, Израильмен бейбіт келісімге келуге дайын